

Мемлекеттік – жекешелік әріптестік экономика мен бәсекелестікті дамыту үшін қажет. Бұл мемлекет пен бизнестің өзара тиімді ынтымақтастығы, халыққа көрсетілетін қызметтерді жақсарту, бюджетке түсетін жүктемені азайту және инвестициялар тарту. Мемлекеттік – жекешелік әріптестік инвестициялар тартудың үлкен көзі болып табылады. Бұған бюджетке ең аз жүктеме түсіретін сапалы жобаларды ұлғайту арқылы қол жеткізуге болады. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдар инвестицияларды барынша тарту, бюджетке түсетін жүктемені азайту, бәсекелестікті дамыту және халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру үшін мемлекеттік – жекешелік әріптестік тетігін қолдану жөніндегі жұмысты жандандыруы қажет.

Тұтастай алғанда, Қазақстан МЖӘ саласындағы үздік әлемдік тәжірибеге бағдарланады, оның флагмандары Оңтүстік Корея, Сингапур, Жапония және Еуропа елдері болып қала береді, МЖӘ қазақстандық моделі біздің мемлекетіміз үшін де, қазақстандық қоғам үшін де, Қазақстанға келетін инвесторлар үшін де оңтайлы тиімді және жайлы болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. А.Шатерникова. Государственно – частное партнерство в Казахстане // Казахстанская еженедельная газета «Панорама» - №32, 17.08.2012 г.
2. «Мемлекеттік – жекешелік әріптестік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 31 қазандағы № 379-V ҚРЗ.
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000379#z>
3. «Қазақстандық мемлекеттік – жеке меншік әріптестік орталығы» АҚ материалдары
4. <https://atameken.kz/kk/articles/29510-memlekettk-zhekemenshk-rptestk-esk-dst-zhaa-degej>
5. finprom.kz
6. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы деректері

ӨОЖ 332.13

ИННОВАЦИЯ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК

Санжанова Аяжан, Таңбай Жансая,

Нұр – Сұлтан қаласы, Қазақстан,

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің студенттері

ayazhan.sanzhanova@bk.ru

Ғылыми жетекшісі – Б. Исабеков

Түйінді сөздер: шағын инновациялық кәсіпкерлік, инновация, инновациялық белсенділік.

Кіріспе. Инновация-бұл нарық талап ететін процестер мен өнімдердің тиімділігі сапасының өсуін қамтамасыз ететін енгізілген инновация. Innovation ұғымы алғаш рет XIX ғасырдың ғылыми зерттеулерінде пайда болды."Инновация" ұғымы XX ғасырдың басында австриялық экономистің ғылыми еңбектерінде "инновациялық комбинацияларды", экономикалық жүйелердің дамуындағы өзгерістерді талдау нәтижесінде пайда болды.. Шағын бизнестің болашағы мен даму мәселелерін зерттеудің өзектілігі олардың жалпы дамуына байланысты. Мемлекет шағын бизнесті әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықтың факторы ретінде қолдайды, ол әр түрлі экстремалдардың әсеріне және "халықаралық олигархияның"әсеріне аз ұшырайды. Нарықтық экономикаға нақты бағдарланған барлық елдерде шағын және орта кәсіпорындар дамыған елдерде инновациялар өндірісіне шоғырланған үлкен бөлігін құрайды.

Қазіргі экономикада инновацияның рөлі айтарлықтай өсті. Инновацияларды қолданбай жоғары ғылыми сыйымдылығы мен жаңалығы бар бәсекеге қабілетті өнімді жасау іс жүзінде мүмкін емес. Осылайша, нарықтық экономикада инновациялар бәсекелестіктің тиімді құралы болып табылады, өйткені олар жаңа қажеттіліктерді құруға, өнімнің өзіндік құнын төмендетуге,

инвестициялардың ағымына, жаңа өнімдерді өндірушінің имиджін арттыруға, жаңа нарықтарды, соның ішінде сыртқы нарықтарды ашуға және басып алуға әкеледі. Қазақстан экономикасының жаңа, сапалы даму деңгейіне, әсіресе, білім экономикасына өтуі инновациялық қызметтің оның ішінде өндірістік саланың жандануына алып келеді. «Инновация» «мәселелік өңірлер» «аймақтық даму» категорияларына біржақты түсінік бермегендіктен, оларды толыққанды оқып-тануда қиыншылықтар пайда болуда. Қиыншылықтарға жіктелу белгілеріне аймақтардың өнеркәсіптік кешендерінің инновациялық дамудағы әдістемелік шешімдердің жеткіліксіз деңгейде болуы және олардың болашақта даму бағыттарының жеткіліксіз зерттелуі мен жобалануын жатқызуға болады.

Кәсіпорынның инновациялық қызметінің бағыты мен ауқымы көптеген факторлардың негізінде анықталады. Экономикалық зерттеулерде инновациялық белсенділіктің негізгі факторлары (бәсекелестік деңгейінің тығыздығы, институционалды ортаның сапасы, мемлекеттік саясат және т.с.с.) қарастырылады. Сыртқы факторлар фирма қызметіне әсер еткенімен, негізінен инновациялық стратегияны қолдану шешімі тек қана жалпы жағдайлармен ғана емес, сонымен қатар, әр бизнестің ішкі спецификалық белгілерімен анықталады. Фирманың инновациялық белсенділігі нақты экономикада нақты даму кезеңінің факторлары әр түрлі құрамы мен әр түрлі маңыздылығымен анықталады. Ресми статистиканың көрсеткіштері бойынша отандық бизнестің технологиялық инновацияларды ұғыну, тануы өте төмен деңгейде қалып отыр. Инновациялық белсенділікті басқаруды ұйымдастыруда қазақстандық кәсіпорындардың сандық деңгейінің көрсеткіштерінің төмендігімен қатар, инновациялық қызметті ұйымдастыруда құрылымдық мәселелердің орын алатындығы байқалады. Алдыңғы қатарлы инновациялық мінез-құлықтың төмен деңгейде белең алуы, мысалы, дайын технологияларды пайдалану қазақстандық инновациялық жүйедегі имитациялық негізде орын алатындығы байқалады. Осының салдарынан шынайы жаңалықтар мен жаңа технологиялар жасау тыс қалуда.

Инновациялық қызметтің тиімділігін анықтау келесі факторларға: өзіндік қаржылық ресурстармен қамтамасыз етілуі; мемлекет тарапына қаржылық қолдаудың жеткіліксіздігі; жаңалық енгізудің құнының жоғарылығы; жоғары экономикалық тәуекел; кәсіпорынның төмен инвестициялық әлеуеті; мамандардың біліктілігінің төмендігі және жаңа технологиялық ақпараттың аздығы тікелей байланысты болады. Өндіріс саласындағы кәсіпорынға экономикалық факторлар (өзіндік қаржылық ресурстар жетіспеушілігі; мемлекет тарапынан қаржылық қолдаудың жеткіліксіздігі; жаңалық енгізудің жоғары деңгейі және экономикалық тәуекел) аса маңызды болып табылады. Сонымен қатар, ішкі және басқа да факторлар кәсіпорынның инновациялық белсенділігіне төмен мөлшерде әсер етеді.

Экономиканы дамытуда кәсіпкерліктің мәні мен рөліне ғалымдар көңілін көптеген жүз жылдар бойы көңіл аударып келеді. Өркениеттің дамуына байланысты қоғамның көзқарасы да өзгеріп отырды. Антикалық мезгілден бүгінгі уақытқа дейін кәсіпкерліктің мәні мен ролін талдауда, кәсіпкерлік өзінің даму эволюциясының әртүрлі формаларда өмір сүргені байқалады. Осыған орай, кәсіпкерлік құрылымдардың түрлерін анықтауда әртүрлі көзқарастар қалыптасты. Осы көзқарастарды талдаудың негізінде: тарихи пайда болу формалары; стратегиялық және функционалдық бейімделуі; инновацияға қатынасы; ынталандырудың біркелкілігі; қызметтің масштабы сияқты белгілерімен анықтауға болады.

Имманенттік кәсіпкерлік қызметтің мәнін анықтайтын элементті –инновация деп тануға болады. Ұйымдастыру инновациялары өндірістік инновациялардан мәні бір де бір кем емес. Кәсіпкерлік қызметтің нәтижелі дамуы үшін: жеке меншік; экономикалық бостандық; экономикалық ынталандыру; бәсекелестік нарық және мемлекеттік басқару органдарының араласуының шектелуі сияқты негізгі талаптарды жатқызуға болады. Негізінен, классикалық және инновациялық кәсіпкерліктің екі моделі анықталған. Бірінші моделде, кәсіпкер ресурстарынан барынша табыс табу үшін қызметті ұйымдастыруға тырысады. Екінші моделде – инновациялық кәсіпкерлік кәсіпорынның жаңа даму жолдарын қарастырумен айналысады. Соған қарамай, кәсіпкерлік қызметтің кез-келген түрінің тәжірибесінде инновациялық үрдіс құрамдас бөлігі болып міндетті түрде табылуы қажет. Инновациялық кәсіпорын ғылыми-техникалық

қызметтің өнімін өндірістік салада қолдану мүмкіншілігіне қол жеткізгенше коммерциялық әріптестікті іздеуді жүзеге асыруы керек. *** Шағын инновациялық кәсіпкерлік түрлерімен қатар, инновациялық кәсіпкерліктің орта және үлкен ұйымдастыру түрлері де жүзеге асырылады. Шағын инновациялық кәсіпорындар кәсіпкерліктің үлкен субъектілеріне қарағанда кәсіпкерлік табыс табуға мүмкіншілігі көптеу болып табылады. Зерттеу барысында шағын, орта және үлкен кәсіпкерлік құрылымдардың тиімді жұмыс істеу жағдайлары анықталды. Инновациялық кәсіпкерлікті ұйымдастырудың бүгінгі таңдағы ерекшеліктерін мінездемелейтін жалпы жағдайларын үлкен бизнестің компанияларының инновациялық қызметтің талдау кезінде анықтауға мүмкіншілік берді. Инновациялық кәсіпкерлікті дамытудың алғы шарттарының бірі – шағын бизнестің үлкен компаниялардың өндірістік кешендеріне интеграциялануы болып табылады. Интеграцияның түрлеріне субмердігерлік және субконтракт жүйелерін нәтижелі қолдануға болады. Субмердігерлік жүйені материалдық өндірістік өңдеу және құрылыс салаларында кеңінен қолдануда. Шағын және орта кәсіпкерліктің үлкен капиталменен өндірістік ықпалдасуын бағалауда үлкен және шағын кәсіпорындарында артықшылықтар мен қатар кемшіліктер де анықталды. Кәсіпкерліктегі әріптестік байланыстар негізгі төрт қызмет саласына: өндіріс саласындағы әріптестік; тауар алмасу саласындағы әріптестік; сауда; қаржылық саладағы қатынастарға топтастыруға болады.

Шағын және үлкен кәсіпкерліктің әріптестік түріне өндірістік кооперацияны жатқызуға болады. Лизингтік операцияларды (классикалық, қаржылық, қайтарымды, шұғыл толық төлемімен лизинг, бөліп төлемімен лизинг, ливеридж лизинг, қосымша міндеттерімен мықты және таза лизинг) қолдануы өте үлкен артықшылықтарға ие болуға алып келеді. Сонымен қатар, әріптестік байланыс ретінде франчайзинг тетіктерін қолдану ұсынылады. Елдегі субконтрактациялау және франчайзингті дамытуға кедергі болған экономикалық, әлеуметтік-психологиялық және ұйымдастыру-құқықтық мәселелер анықталды. Қаржылық қатынастағы кәсіпкерлік әріптестік байланыстар факторингалық және коммерциялық трансферттерді қолдану арқылы жүзеге асыруға болады. Қазақстандық шағын бизнестің даму болашағы нақты өндірістегі мүмкіншіліктерді қолдану және шағын мен үлкен бизнестің тығыз кооперациялық байланыстарын қалыптастырумен оң нәтижеге қол жеткізуге болады.

Бүгінгі таңда, қазақстандық экономикада инновациялық мүмкіншіліктер мен оларды тәжірибеде қолдану диспропорциясы орын алуда. Қазақстандағы аз мөлшердегі кәсіпорындар инновациялық әлеуетке ие, бірақ олардың едәуір бөлігі ғана оны қолдану мүмкіншілігіне ие емес. Мәселе, өндірістік кәсіпорындардың инновациялық әлеуетін басқару және оларды тиімді қолдануда кешенді зерттеулердің, әдістемелік жобалаудың және концептуалдық әдістердің өте төменгі деңгейде болуымен анықталады. Инновациялық әлеует терминінің анықтамасының күрделілігі ғалымдардың әртүрлі түсінуі мен бұл саладағы кешенді зерттеулердің жоқтығыменен түсіндіріледі. Біздің ойымызша инновациялық әлеует айнымалы қоршаған ортаның өзгерістеріне уақтылы бейімдеу негізінде жаңа білімдерді коммерциализациялау арқылы үлкен және күрделі әлеуметтік-экономикалық жүйенің құрамдас бөлігі ретінде танылуы қажет. Сәйкесінше, инновациялық әлеует үш жағдайда кездеседі: дамымаған инновациялық әлеует; дұрыс дамыған инновациялық әлеует; дамыған инновациялық әлеует. Өндіріс кәсіпорындары келесідей жүйелік көрсеткіштерге ие болуы қажет: жүйенің тиімді жаңалықтарды саралап дайындауы; жүйенің жаңалықтарды коммерциялық құндылықтарға айналдыруы; жүйенің инновациялық өнімді таратуы жатады. Батыстық шет елдік сарапшыларының ұсыныстары бойынша өндіріс, қаржы және айналым салаларында экономиканы реформалауда және әлеуметтік-жауапты кәсіпкерлікті қалыптастырудағы іс-әрекеттер негізгі теріс нәтижелерге алып келді. Өндіріс саласындағы отандық кәсіпкерлердің қалыптасуы қазақстандық экономикалық, құқықтық және әлеуметтік-мәдени жағдайларды ескере отырып, жүзеге асырылуы қажет. Білім саласында салиқалы маман дайындау жүйесі жеткілікті орын алмағандықтан болашағы бар жоғары технологиялық салалар өте білікті, кәсіпқой маман тапшылығымен айшықталады. Сол себепті жоғары технологиялық салалар үшін кәсіпқой маман дайындауды қайта жандандыру негізінде ол өзінің оң шешімін табады. Өндіріс саласындағы шағын, орта және үлкен кәсіпкерліктің тұрақты ықпалдастығының негізгі мәселеріне: жақтардың сапалы өнім шағару жағдайын сақтамауы; төлем мезгілдерінің

сақталмауы; жеткізілу мерзімдерінің бұзылуы; бағаның өсуі үрдісінің алдын-ала келіспеуі; өндіріс технологиясының сақталмауы; тұтынушы мен кәсіпкерлердің арасындағы өндірістік сұраныстардағы міндеттемелердің, тәуекелдердің шынайы үлестірілмеуін жатқызуда болады. Сонымен қатар, инновациялық қызметтер саласында бірқатар қиыншылықтар орын алуда. Мысалы, шағын кәсіпорындар, өздерінің табиғи болмысы бойынша инновациялық белсенділіктің негізінде жобалау және ендіру циклын тез мезгілде өтуге мүдделі. Ал, үлкен кәсіпорындар, белгілі себептерге байланысты инновациялық қызметтерді өндіріске енгізуге онша құлықты емес.

Бәсекеге қабілетті, ғылыми сыйымды және инновациялық бағыттағы жаңа өндіріс көздерін өнеркәсібін дамыту; инновацияларды жобалау, ендіру және таратумен айналысатын арнайы мамандарылған құрылымдарды құру; ұзақ мерзімді инвестициялардың көздері мен жолдарын қалыптастыру; инновациялық технологиялар негізінде терең өңделетін бәсекеге қабілетті өнімдерді өндіру; отандық өнімдерді сыртқы нарыққа шығару; материалдық өндірістегі кәсіркерлік құрылымдардың болашағы бар басқару жүйелерін жобалау және ендіру; инновациялық жобалар мен өндірісті ақпаратпенен қамтамасыз ету жүйесін құру және тұрақты түрде дамыту; жаңа экономиканың салаларын қалыптастыруға ұдайы түрде қатысу болашақтағы өндірістік кәсіпкерліктің негізгі нәтижелі бағыттар болып табылады.

Қазақстан болашақта дүниежүзілік өркениеттің сапалы, тең құрамдас бөлігі болу үшін халықаралық ғылыми сыйымды нарықта бәсекеге қабілетті басымдық негізде макротехнологиялық өнімдер аясын анықтап алуы тиімді болып табылады. Ғылыми мектептері бар космос, энергетика, биотехнология, арнайы химия, телекоммуникация және байланыс салаларын республикамыз үшін басымдық даму бағыттары болып танылуы тиімді болып табылады. Ұлттық қауіпсіздіктің негізгі құраушы факторы ұлттық экономиканың тұрақты өсуі болып табылады. Дүние жүзілік нарықта Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі инновациялық жүйенің және ғылыми-техникалық саясаттың жағдайымен тікелей тығыз байланысты. Жасанды емес, шынайы құқықтық қамтамасыз ету негізінде қазақстанда ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыру және сәйкес саяси жүйені жобалауға қол жеткізу елдің шынайы, нәтижелі және мызғымас тұғырының бірі болып табылады. Инновациялық жүйені құқықпен қамтамасыз ету үрдісі бірқатар кемшіліктерді анықтады. Оларға сәйкес салалардың құқықтық нормаларының негізінде құрылған инновациялық құқықтық моделдің доктриналық негізде ұсынылатын аяқталған теориялық зерттеулер жоқтың қасы болып табылады. Инновациялық жүйе мен құқықтың қамтамасыз ету саласының қарым-қатынастарының методологиялық негіздеріне тиесілі құқықтық ғылыми зерттеулердің жоқтығы маңызды ғылыми мәселе болып табылады. Құқықтық ғылым саласындағы экономикалық ғылымда инновациялық жүйенің мазмұны мен көлемі экономикалық ғылымда әлдеқайда кең. Сонымен қатар, жүйелі үйлестірілетін құқықтық қатынастарда инновациялық қызметінің үрдісінде пайда болатын қарым-қатынастардың орнын анықтайтын шынайы нормалар қалыптаспаған. Инновациялық қызметтің теориялық табиғи негіздері мен ерекшеліктері құқықтық тұрғыдан жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Сонымен қатар, инновациялық саланың ұғымдық аппаратын негіздейтін және нақтылайтын талаптар қажет. Әсіресе, инновация саласындағы мемлекеттік саясатқа әсер ететін ішкі факторлардың арасында инновациялық қызметтің субъектілерінің интеллектуалды меншігінің құқығын қамтамасыз ету ерекше орын алады. Шығармашылық интеллектуалды қызметпен айналысатын қызметкерлердің интеллектуалды меншік құқығын қамтамасыз етуге жеткілікті көңіл бөлінбеуде. Интеллектуалды меншік құқығының азаматтық құқықтың жалпы ережелер нормасына қатынасын реттейтін теоретикалық және методологиялық алғышарттардың жоқтың қасы деп тануға болады.

Қазақстанда бағдарламалық құжаттарды талдау негізінде кәсіпкерлік саласында негізінен кәсіпкерлік қызметті құқықтық-нормативті қамтамасыз ету бағытында үлкен жұмыстар орындалған. Шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау көп деңгейлілігімен айшықталады, бірақ тұтас жүйе әлі қалыптаспаған. Шағын және орта бизнесті қолдауда қолда бар инфрақұрылым тұтастай алғанда әлі де тиімсіздеу және кәсіпкерлік құрылымдарды біркелкі қамтамасыз етпейді. Шағын және орта бизнесті қолдау барысындағы мемлекеттік

бағдарламалардың қанағаттанарлықсыз нәтижелерге алып келуде. Себебі, мақсаттар мен міндеттердің бағытталуы мен тұжырымдамасы толыққанды дайындалмаған. Сонымен қатар, бағдарламаларды жоспарлау мен жобалауда жауапты мемлекеттік мекемелердің жауапкершілігінің жетіспеушілігімен айшықталады. Кәсіпкерліктің дамуына ықпал ететін ұйымдардың жұмыстарын үйлестіру мақсатында жауапты мекемелердің жауапкершілігінің төмендігі байқалады.

Еліміздің мемлекеттік бағдарламаларды индустриалды-инновациялық дамуын жүзеге асыруын талдау қабылданған шаралар мәселелердің бір бөлігіне әсер ететін және кәсіпорындардың инновациялық белсенділік деңгейлеріне едәуір ықпал етпейдігі анықталды. ЖІӨ-нің өсу қарқынына қарағанда ҒЗТКЖ-ға арналған жалпы ішкі шығындар өсуінің қарқыны төмен болуымен айшықталады. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық қызметтер негізінен бюджеттік қаржыландыру есебінен жүзеге асырылады. Отандық ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарының көпшілігі нақты нарықтық сұранысқа бейімделу деңгейі төмен және импортталатын жоғары технологиялық өнімдер мен қызметтермен бәсекелесе алмайды. Сонымен қатар, Қазақстанның үшінші технологиялық деңгейде қалуы бесінші технологиялық жоғары деңгейде дамыған елдермен алшақтықтың ұлғаюына және шығындардың өсуіне алып келеді.

Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуында ресурстық, инфрақұрылымдық және институционалдық шектеулер теріс ықпалын тигізуде. Индустриалды-инновациялық жаңғыруда және аймақтардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруда «дәліз мүмкіндігін» ескеру қажет. Аймақтық экономикалық әлеуеттің әрқелкілігі орын алған өзгерістер мен экономикалық түрлендірулердің негізгі себебі болып табылады. Осыған орай, бөлек аймақтар мен территориялық бірліктердің дамуын дифференциациялауды, оларды мамандандыруда табиғи шоғырландыру дәрежесінде, қаржылай, адами ресурстар және инфрақұрылымдарды индустриалды-инновациялық жаңғыртуда кезеңінде ескеру қажет. Табиғи ресурстарды игеру және қаржы ағынын қайта бөлу орталық-қалыс қалған Астана және Алматы қалалары, шикізат өңірлер мен елдің қалған өңірлері арасында айырмашылықтар туындауына әкелді. Мұндай айырмашылықтар аймақтарда шеңберінде, яғни облыс орталықтары мен оның қалған аумағының арасында да қалыптасады. Инфрақұрылымның төмен мөлшерде дамуы тұрақты түрде орталық және оңтүстік өңірлердің қалыс қалуына әкеп соғады. Нашар қоныстануы және нашар игерілуі орталық аймақтардың жағдайының ушығуына алып келді.

Бүгінгі таңда бәсекеге қабілетті инновациялық өнімді нарыққа әкелу инновациялық жүйені дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың басты мақсаты болуы тиіс. Қазіргі уақытта, технология саладағы инновациялық қызмет негізінен өндірістік кәсіпорындарда жүзеге асырылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама.
2. www.stat.kz -Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми сайты
3. ҚР Білім министрі Б. Жұмағұловпен 2012 жылғы 11 сәуірдегі "ғылымды дамыту үшін қуатты ынталандыру қазірдің өзінде жұмыс істеуде" атты сұхбаты
4. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы (Астана, 2012 жылғы 27 қаңтар).